

Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу бойынша қызметтегі кәсіби стандартты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 20/46 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 21 мамырда № 9441 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 393 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.12.2020 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5 бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі "Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2013 жылға қаражат бөлу және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 406 қаулысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу бойынша қызметтегі кәсіби стандарт бекітілсін.

2. Қайта өңдеу және аграрлық азық-түлік нарығы департаменті (А. Б. Құсайынова) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен кәсіби стандартты енгізуге шаралар қабылдасын.

3. Әлеуметтік саясат басқармасы (С. С. Лепешко) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әлеуметтік саясат басқармасына (С.С. Лепешко) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Келісілген

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрі

Т. Дүйсенова

2014 жылғы 7 сәуір

Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу бойынша қызметтің кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу бойынша қызметтің кәсіби стандарты (бұдан әрі - КС):

1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;

2) кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарының мерзімін белгілеуге;

3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарының мерзімін белгілеуге;

4) кәсіби қызметтің мәніне бірыңғай талаптар әзірлеуге, еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;

5) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге;

6) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ, тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

7) кәсіби даярлығын бағалаудан өткізу және мамандар біліктіліктерінің сәйкестіктерін растауға арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру мекемелері түлектері, жұмысшылар;

2) ұйымдардың басшылары мен жұмысшылары, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. КС негізінде кәсіпорындар қызметінің функционалдық үлгілеріне, лауазымына, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, аттестациядан өткізу, еңбекке ынталандыру жүйесіне ішкі, корпоративті стандарттар және басқалар әзірленуі мүмкін.

4. Осы КС-да төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – жұмысшының еңбектің нақты түрін орындауда кәсіби дайындығының дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – атқарылатын жұмыстардың күрделілігі, дербестігі мен жауаптылығы көрінетін қызметкердің біліктілігіне(құзыреттілігіне) қойылатын талаптар деңгейі;

3) еңбек заттары – нақты еңбек құралдары көмегімен өнім әзірлеу мақсатында жұмысшының әрекеттері бағытталған заттар;

4) еңбек құралдары – еңбек заттарын бастапқы жағдайынан өнімге түрлендіруде жұмысшының қолданатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиынымен құрамдастырылған кәсіби қызмет саласының құрама бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек үрдісінің бір немесе бірнеше міндетін шешуге бағытталған өзара байланысқан әрекеттер жиыны;

7) кәсіби қызметтің саласы – ортақ интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіліктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) КС– кәсіби іс-әрекеттің нақты саласындағы біліктілік деңгейлерге, құзыреттіліктерге, сонымен қатар еңбек мазмұны, сапасы және шарттарына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт;

9) КС бірлігі – кәсіби стандарттың еңбек қызметінің нақты түрі бойынша маңызды, қатысымды дербес, аяқталған, бүтін нақты еңбек функциясының толық сипаттамасының құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы білімді, ептілікті және практикалық дағдыларды талап ететін және білімі туралы тиісті құжаттармен нақтыланатын адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

11) құзыреттілік – қызметкердің кәсіби қызметте білімін және іскерлігін қолдану қаблеті;

12) лауазым – лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

13) міндет – нақты еңбек заттары мен құралдарын пайдаланып еңбек функциясын жүзеге асырумен және нәтижеге жетуге байланысты әрекеттер жиынтығы;

14) сала – өндірілетін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ мекемелер мен ұйымдардың жиыны;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығындағы танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

17) функционалдық карта – бір немесе басқа да кәсіби қызмет саласында нақты қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

2. КС паспорты

5. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы) Қазақстанның Республикасының Мемлекеттік жіктеушісі 03-2007: 10.51 Сүт және ірімшік өнімдерін қайта өңдеу.

6. Экономикалық қызметтің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты – отандық өндірушілер мен бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық өнімі және одан өңделген тауар өндіруге экономикалық жағдай жасау көмегімен азық-түлік тауарының қолжетімдігі арқылы азық-түлік тәуелсіздігін құру.

7. Еңбек қызметі, кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері КС 1-қосымшасында белгіленген.

Стандарт талаптары аталған саладағы қызмет түрлеріне және келесідей мамандықтарға қатысты:

сүтті пастерлеу аппаратшысы;

ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы;

ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің аппаратшысы;

сүтті және өзге де сүт өнімдерін қоюландыру аппаратшысы;

сүт өнімдерін өндіру жөніндегі автоматты желінің операторы;

сүт пен сүт шикізатының сепараторшысы;

ірімшік жасаушы;

қаймақ жасаушы.

3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсіптердің) карточкалары

1-параграф. Сүтті пастерлеу аппаратшысы

8. СБШ бойынша біліктілік деңгейі –2-3.

9. Лауазымның мүмкін атаулары: сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысы.

10. "Сүтті пастерлеу аппаратшысы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: сүтті пастерлеу, салқындату және сепаратордан өткізу үдерістерін жүргізу.

11. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

12. Сүтті пастерлеу аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

13. Еңбек функцияларын айқындайтын, сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 2-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

14. Сүтті пастерлеу аппаратшысының орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

15. Сүтті пастерлеу аппаратшысының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

2-параграф. Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы

16. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

17. Лауазымның мүмкін атаулары: ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы.

18. "Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: өндірістік ұйытқыларды дайындау үдерісін жүргізу.

19. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

20. Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

21. Еңбек функцияларын айқындайтын, ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

22. Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысының орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 3-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

23. Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

3-параграф. Ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің аппаратшысы

24. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

25. Лауазымның мүмкін атаулары: ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің аппаратшысы.

26. "Ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің аппаратшысы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: қышқыл сүт өнімдерін өндіру үдерісін жүргізу.

27. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

28. Ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

29. Еңбек функцияларын айқындайтын, ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің аппаратшысы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 4-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

30. Ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің аппаратшысының орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

31. Ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің аппаратшысының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

4-параграф. Сүтті және өзге де сүт өнімдерін қоюландыру аппаратшысы

32. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

33. Лауазымның мүмкін атаулары: сүтті және өзге де сүт өнімдерін қоюландыру аппаратшысы.

34. "Сүтті және өзге де сүт өнімдерін қоюландыру аппаратшысы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: сұйық, езбе тәріздес тамақ өнімдерін (жартылай фабрикаттар) қоюландыру (булау) технологиялық үдерісін жүргізу.

35. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

36. Сүтті және өзге де сүт өнімдерін қоюландыру аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген

37. Еңбек функцияларын айқындайтын, сүтті және өзге де сүт өнімдерін қоюландыру аппаратшысы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 5-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

38. Сүтті және өзге де сүт өнімдерін қоюландыру аппаратшысының орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

39. Сүтті және өзге де сүт өнімдерін қоюландыру аппаратшысының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

5-параграф. Сүт өнімдерін өндіру жөніндегі автоматты желінің операторы

40. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

41. Лауазымның мүмкін атаулары: сүт өнімдерін өндіру жөніндегі автоматты желінің операторы

42. "Сүт өнімдерін өндіру жөніндегі автоматты желінің операторы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: басқару пультінен автоматты режимде сүт өнімдерін қоюландыру, гомогендеу, құрауыштарын араластыру, залалсыздандыру, кептіру, суыту үдерістерін жүргізу.

43. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 6-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

44. Сүт өнімдерін өндіру жөніндегі автоматты желінің операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

45. Еңбек функцияларын айқындайтын, сүт өнімдерін өндіру жөніндегі автоматты желінің операторы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 6-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

46. Сүт өнімдерін өндіру жөніндегі автоматты желінің операторының орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 6-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

47. Сүт өнімдерін өндіру жөніндегі автоматты желінің операторының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

6-параграф. Сүт пен сүт шикізатының сепараторшысы

48. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

49. Лауазымның мүмкін атаулары: сүт пен сүт шикізатының сепараторшысы.

50. "Сүт пен сүт шикізатының сепараторшысы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: сүтті, іркітті, сарысуды сепаратордан өткізу үдерісін жүргізу.

51. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 7-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

52. Сүт пен сүт шикізатының сепараторшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

53. Еңбек функцияларын айқындайтын, сүт пен сүт шикізатының сепараторшысы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 7-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

54. Сүт пен сүт шикізатының сепараторшысының орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 7-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

55. Сүт пен сүт шикізатының сепараторшысының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы кәсіби стандарттың 7-қосымшасының 5-6 кестелерінде көрсетілген.

7-параграф. Ірімшік жасаушы

56. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

57. Лауазымның мүмкін атаулары: ірімшік жасаушы.

58. "Ірімшік жасаушы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: ірімшік жасау үдерісін жүргізу.

59. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 8-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

60. Ірімшік жасаушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

61. Еңбек функцияларын айқындайтын, ірімшік жасаушы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 8-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

62. Ірімшік жасаушының орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 8-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

63. Ірімшік жасаушының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

8-параграф. Қаймақ жасаушы

64. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

65. Лауазымның мүмкін атаулары: қаймақ жасаушы.

66. "Қаймақ жасаушы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: қаймақ өндіру үдерісін жүргізу.

67. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 9-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

68. Қаймақ жасаушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 9-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

69. Еңбек функцияларын айқындайтын, қаймақ жасаушы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 9-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

70. Қаймақ жасаушының орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 9-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

71. Қаймақ жасаушының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 9-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

4. КС әзірлеушілер

72. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі болып табылады.

73. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 10-қосымшасында көрсетілген.

Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу
бойынша қызметтің кәсіби
стандартының
1-қосымшасы

Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

№ р/с	Қызмет түрі атауы	Еңбек нарығы тенденцияларын есепке алғандағы кәсіп атауы	01-2005 Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуішісіне сәйкес кәсіптер атауы	С Б Ш біліктілік деңгейлері
1.	Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу	Сүтті пастерлеу аппаратшысы	Сүтті пастерлеу аппаратшысы	2-3
2.	Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу	Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы	Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы	3
3.	Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу	Ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің аппаратшысы	Ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің аппаратшысы	3
4.	Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу	Сүтті және өзге де сүт өнімдерін қоюландыру аппаратшысы	Сүтті және өзге де сүт өнімдерін қоюландыру аппаратшысы	3
5.	Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу	Сүт өнімдерін өндіру жөніндегі автоматты желінің операторы	Сүт өнімдерін өндіру жөніндегі автоматты желінің операторы	3

6.	Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу	Сүт пен сүт шикізатының сепараторшысы	Сүт пен сүт шикізатының сепараторшысы	2-3
7.	Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу	Ірімшік жасаушы	Ірімшік жасаушы	3
8.	Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу	Қаймақ жасаушы	Қаймақ жасаушы	3

Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу бойынша қызметтің кәсіби стандартының 2-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	8272 Сүтті пастерлеу аппаратшысы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	48 шығарылым, Тағам өнеркәсібі өндірісінің жалпы кәсіптері
БТБА бойынша кәсібі	Пастерлеу аппаратшысы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша санаттар
2	2
3	3-5

2-кесте. Сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)		Ауыл шаруашылығы өндірісі, цех, зауыт, сүт өңдейтін, сүт өнімдерін шығаратын фабрика мен мұзкомбинаттары
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		Жоқ
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары		Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
2	Жалпы орта білім немесе практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білім болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіптік дайындық (білім мекемесі базасында қысқа мерзімді курстан өту немесе кәсіпорында оқу)	Талап етілмейді
3	Жалпы орта білім немесе практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білім болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіптік дайындық (бір жылға дейінгі кәсіптік дайындық бағдарламалары бойынша білім мекемесі базасында курстан өту немесе кәсіпорында оқу)	2 - деңшейде тәжірибесі 1 жылдан кем емес

3-кесте. Сүтті пастерлеу аппаратшысы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Пастерлеу аппараттары, ванналары, термостатты камераларда әр түрлі консервілер және басқа өлшенген, ыдысқа герметикалық оралған сүт және сүт өнімдерін пастерлеу үдерісін жүргізу. Сілкітін машинаның жәшіктеріне құтыларды салу, құтылардың сілкілеу уақытын реттеу
2	Шикізатты алғашқы өңдеу; шикізат пен дайын өнімді сақтау; құбырлы пастерлеушіде талап етілетін температураға дейін немесе температура режимін автоматты түрде реттеуші бар пастерлеуші-салқындатқыш желілерде салқындату;
3	Жабдықтардың жағдайына қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар; аппараттарды бөлшектеу және қайта жинай отырып, тазарту және жуу; технологиялық журналда жазбаларды жүргізу

4-кесте. Сүтті пастерлеу аппаратшысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Сүт, қаймақ	Пастерлеуге арналған жабдық, мақтадан жасалған халат, етіктер, қалпақ	1-1) Сүтті пастерлеу, салқындату және сепаратордан өткізу процестерін басқару
2	Сүт, қаймақ	Реттегіш, пульт	2-1) Температураны қадағалау
3	Сүт, қаймақ	Щетка, жуғыш заттар	3-1) Қызмет көрсетіліп жатқан жабдықтың бұзылған жерлерін дұрыстау мен тазалығын сақтау

5-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Өз бетінше негізгі практикалық біліктілікті қолдана отырып сүтті салқындату мен пастерлеу аппаратшысының міндеттерін шешу	Еңбекті қорғау және өндірістік санитария ережелері мен нормаларын сақтау біліктілігі	Құрылғыны және сауын аппаратын бөлшектеу, жинау, сақтау ережелерін білу және сауын аппаратын пайдалану
1-2)	Сүтті пастерлеу аппаратшысының міндеттерін орындау кезінде өз денсаулы ығы мен қауіпсіздігіне және қоршаған ортаны қорғауға жауапты.	Әр түрлі консерві түрлерінің және пастерлеу аппаратында, ванналарда, термостатты камералардағы басқа да герметикалық ыдысқа салынған пастерлеу процесін жүргізуді білу	Пастерлеу мен термостатты ұсталымның технологиялық режимін, пастерленіп жатқан өнімнің негізгі физикалық, химиялық қасиеттерін, шикізатқа қойылатын талаптарды білу

1-3)	Сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысының міндеттерінің шеңберіндегі жұмыстың сапасы мен нәтижесіне жауапты.	Сілкілдеу, бөлек банкаларды ашу мен толық екенін тексеру; құтыларды сілкілегеннен кейін термокамераға беру	Сілкілдегіш машинаның жабдықталғанын және оны пайдалану тәртібін, құтыларды сілкілдетудің тәсілдерін және белгілеуін білу
------	---	--	---

6 кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысының міндеттерін кезінде өз денсаулығы мен қауіпсіздігіне және қоршаған ортаны қорғауға жауапты.	Сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысының алдына қойылған міндеттерді орындау тәсілдерін, еңбек құралдары мен заттарын, бағалау принциптерін, өлшеу методтарын өзі анықтай білу	Сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысының қызметінде сүтке және басқа да материалдарға қарау талаптары мен тәртіптерін білу
1-2)	Кешенді механизацияланған желіде немесе температураны автоматты түрде реттеу режимінде пастерлеу, салқындату желісінде өнімді салқындату мен пастерлеу процесін жүргізу	Сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысының өз-өзін бағалау, өз-өзін анықтау, өз-өзін ұйымдастыру және іс-әрекетін түзету дағдыларын көрсету	Сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысының еңбегін жоспарлау мен ұйымдастыруды және заттың қалыптасу технологиясын білу
1-3)	Басшылықпен еңбек қарым-қатынасын сақтау және сүтті пастерлеу мен салқындату аппаратшысының жұмысы жөнінде есептік мәлімет беру	Сүтті пастерлеу және салқындату аппаратшысының жабдықтарының бұзылған жерін жою	Еңбек қорғау мен қауіпсіздік техникасын білу

Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу бойынша қызметтің кәсіби стандартының 3-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуші (МКЖ)	
Базалық топ	8272 Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	49-шығарылым, 5-тарау, Май жасаушы, ірімшік жасаушы және сүт өндіру
БТБА бойынша кәсібі	Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша санаттар
3	4

2-кесте. Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

--	--

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)		Ауыл шаруашылығы өндірісі, цех, зауыт, сүт өңдейтін, сүн өнімдерін шығаратын фабрика мен мұзкомбинаттары
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		Жоқ
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары		Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Жалпы орта білім немесе практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білім болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіптік дайындық (бір жылға дейінгі кәсіптік дайындық бағдарламалары бойынша білім мекемесі базасында курстан өту немесе кәсіпорында оқу)	Кәсіби дайындығы болса талап етілмейді, немесе бұрынғы қызметтерінде тәжірибесі 1 жылдан кем емес

3-кесте. Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Өндірістік ұйытқыны дайындау кезінде қолданылатын ыдысты және өзге де құралдарды залалсыздандыру
2	Таза дақылдардың зертханалық ұйытқыларынан өндірістік ұйытқыны әзірлеу процесін жүргізу, ұйытқы сынамасын бактериялық талдау және қышқылдығын анықтауға жіберу
3	Ұйытқы сынамасын бактериялық талдау және қышқылдығын анықтауға жіберу

4-кесте. Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Ыдыс	Щетка, қолғап, мақта-мата халаты, етік, қалпақ	1-1) Тазалық сақтау
2	Сүт, сүт өнімдері	Сүт өнімдерін ашыту үшін жабдық немесе құралдар, мақта-мата халаты, етік, қалпақ	2-1) Ашытқы жасау процесін жүргізу
3	Ашытқы	Лаборатория, қышқылдықты анықтайтын құралдар, мақта-мата халаты, етік, қалпақ	3-1) Лабораторияда зерттеу жүргізу

5-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі ұйытқылар өндірісінің аппаратшысының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер

1-1)	Өз денсаулығы мен қауіпсіздігіне жауапты	Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы нұсқаулығы бойынша әрекет	Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысының жұмысының жұмыс процесін және негізгі құралдарының, жабдықтардың білуі
1-2)	Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы алгоритмінің нәтижесі мен сапасына жауапкерлік	Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы жұмысына қатысты жұмыс істеп жатқан нормативті акттерді түсіну және қолдана білу	Ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің құрамын және физикалық, химикалық қасиеттерін білуі
1-3)	Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысы нәтижесі мен сапасына жауапкерлік	Ұйытқылар өндірісінің аппаратшысының алдына қойылған міндеттерді орындау тәсілдерін, еңбек құралдары мен заттарын, бағалау принциптерін, өлшеу методтарын өздігінен анықтай білу	Ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің резервуарының тәсілімен жасау технологиясын білуі

Сүт және сүт өнімдерін қайта өңдеу бойынша қызметтің кәсіби стандартының 4-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	8272 Ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің аппаратшысы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	49-шығарылым, 5-тарау, Май жасаушы, ірімшік жасаушы және сүт өндіру
БТБА бойынша кәсібі	Ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің аппаратшысы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	3-4

2-кесте. Ашыған сүт өнімдерінің және балаларға арналған сүт өнімдерінің аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Ауыл шаруашылығы өндірісі, цех, зауыт, сүт өңдейтін, сүт өнімдерін шығаратын фабрика мен мұзкомбинаттары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Жоқ	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес	
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі

3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білім немесе техникалық және кәсіби білім бар болған жағдайда (білім беру ұйымының базасында бір жылдық кәсіби дайындық бағдарламасы бойынша курстар немесе мекемеде оқу) практикалық тәжірибе	Кәсіби дайындығы бар болған жағдайда талап етілмейді, немесе бұрынғы қызметтерінде 1 жылдан кем емес
---	--	--

